Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысының
№12 хаттамасы

Қордай ауылы **26.08.2026 жыл**
Мәжіліс залы **сағат 10:00**

Қатысқандар: - аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері – 6 адам.
Қатыспағандар: - 4 адам себепі (К.Агибаева, Е.Агибаев, Қ.Батыров, М.Байгелов - денсаулықтарына байланысты).
Төрағалық етуші: Н.Молдабеков
Шақырылғандар: 1. Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы – Алимхожаев Алмас Нашкеевич, ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлімі басшысы – Абсеитов Ануар Жансеитұлы; Кенен ауылдық округі әкімі – Жылыбаев Арман Қуандықұлы; БАҚ өкілдері.

Күн тәртібінде:

1. Аудан бойынша мекемелердің жылыту маусымына дайындық (қатты отын, газ, т.б.) бағытында тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің атқаралып жатқан жұмыстардың барысы туралы;
2. Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімінің атқарған жұмысын зерделеу туралы;
3. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңына сәйкес 2025-2026 жылдары Кенен ауылдық округінің атқарылған жұмыстары туралы және округ әкімдігімен көрсетілген мемлекеттік қызметі бойынша зерделеу туралы;
4. Әртүрлі мәселелер.

Н.Молдабеков:
Күн тәртібі жөнінде кімде қандай ұсыныс бар?
Ұсыныс – Бекітілсін.
Күн тәртібі бекітілді және отырыс ашық деп жариялансын.
Баяндамашыға 5-7 минуттан уақыт белгілейік
Сөз сөйлеушілерге - 3 минуттан уақыт белгілейік, келісесіздерме?
Басқа ұсыныс бар ма? Жоқ. Онда ұсынысты дауысқа коямын.
Қарсы? – жоқ. Қалыс? – жоқ.

Н.Молдабеков: Күн тәртібіндегі бірінші мәселесі бойынша – «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссия» төрайымы – Алматаева Айнура Тұрлыбекқызы баяндайды. (Баяндама тіркелінді). Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? – Жоқ.

Н.Молдабеков: Осы мәселе бойынша ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлімі басшысы – Абсеитов Ануар Жансеитұлы сұрақтарға жауап береді,- деді. Өз сөзінде А.Абсеитов аудан бойынша мекемелердің жылыту маусымына дайындық (қатты отын, газ, т.б.) бағытында

тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің атқаралып жатқан жұмыстардың барысы туралы айтып өтті. Жоспарға сәйкес 2026-2027 жж жылыту маусымына дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Білім, мәдениет, спорт, денсаулық салаларында аудан бойынша жалпы 190 мекеме бар *(білім-76, мәдениет-61, спорт-13, денсаулық сақтау-40).* Барлығы 143 қазандықпен жылытылады *(білім-65, мәдениет-24, спорт-13, денсаулық сақтау-41).* Оның 82-сі газбен *(56%)*, 63-і көмір отынымен *(42%)*, 1-і дизель отынымен *(Бәйтерек мектеп)(1%),* 1-і электр жүйесімен жылытылады *(Сұлутөр ДК)(1%).*

Кәсіпорынның қажеттілігіне сәйкес 2026-2027 жылғы жылыту маусымына барлығы 8000 тонна көмір қажет екендігі айқындалып, көмір жеткізу бойынша келісім-шарт жасалды.Бүгінгі таңда, кәсіпорын қоймасына 2040 тонна көмір жеткізілді, ал қалған 5960 тонна көмірді жеткізу ағымдағы жылдың тамыз-қыркүйек айларына жоспарланған.

Қатты отынмен жылытылатын қазандықтарға қажетті көмір отыны 9810 тонна болып анықталды. Оның ішінде 9147 тонна білім нысандары *(комхоз – 8000, білім бөлімі – 1147 (балабақша, ЖШО))*, 453 тонна денсаулық сақтау нысандары, 210 тонна мәдениет нысандары. Ал спорт саласындағы нысандардың барлығы табиғи газбен жылытылады. Бүгінгі күнге мектептерді жылытуға 2040 тонна жеткізілген.

Энергия өндіруші ұйымдардың 2026-2027 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу үшін аталған бөлімге бірде бір мекемеден өтініш түскен жоқ.

Сонымен қатар, көмір жеткізуші мердігер мекеме – «Компания Марк» алдындағы 2025 жылдың қорытындысы бойынша қалыптасқан берешек 151 млн теңгені құраған. Қазіргі уақытта жүргізілген төлемдердің нәтижесінде берешек көлемі 66 млн теңгеге дейін қысқартылды. Кәсіпорынның мердігер мекеме алдындағы 66 млн теңге көлеміндегі берешек сомасын кезең-кезеңімен өтеу жоспарланған және төлемдер ағымдағы жылдың маусым-тамыз айларында жүргізілетін болады. Қалған берешекті кезең-кезеңімен өтеу жоспарланған. Қалған 5 960 тонна көмірді жеткізу ағымдағы жылдың тамыз- қыркүйек айларына жоспарланған.

Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің тарапынан мемлекеттік кәсіпорындары қазандық ғимараттарына ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілуде, (әктеу, сырлау), қазандық ғимратынан мектепке дейінгі жылу желілерін ауыстыру жұмыстары атқарылуда.

Сонымен қатар, аудандағы 8 мектептің қазандықтарының тозығы жетуіне байланысты, олар *Бель ауылындағы №49 мектеп Көктөбе ауылындағы №40 мектеп, Сұлутөр ауылындағы №39, Үлкен Сұлутөр ауылындағы №38 мектеп, Шарбақты ауылындағы №36 мектеп, Еңбек ауылындағы №22, Қарасай батыр ауылындағы №20, 21 мектептері.*

Алдағы уақытта олардың техникалық жағдайын ескере отырып, көмірмен жұмыс істейтін қазандықтарды кезең-кезеңімен табиғи газға ауыстыру мүмкіндігін қарастыру қажет. Бұл өз кезегінде қазандықтардың сенімді жұмысын қамтамасыз етуге, отын шығындарын оңтайландыруға, атмосфераға шығарылатын зиянды қалдықтарды азайтуға және жылыту жүйесінің тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңға сметалық құжаттамалары әзірленді *(құны 113,2 млн. тг.)*. Қаражат қарастыруға бюджеттік өтінім ұсынылған.

Мәдениет саласы бойынша аудандық мәдениет үйіне қарасты 22 қазандық бар. Оның 22 барлық типтік ғимаратта орналасқан. Оның 7 көмір пешпен, 14 газбен, 1 электр жүйесімен жылытылады. Денсаулық сақтау саласы бойынша нысан саны -41, оның ішінде

19 нысан газбен, ал қалғандары қатты отынмен тұрмыстық пештермен жылытылады және жылыту маусымында іс-шаралар жоспары шеңберінде емдеу мекемелері мен олардың жылу тораптарына ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Спорт саласында аудан бойынша 13 спорт кешені бар. Барлығы дерлік спорт мекемелерінің жылыту құбыры газ отынымен жылытады. (Материал тіркелінді).

Н.Молдабеков: Сұрақтарыңыз бар ма? – Жоқ. Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар? Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы-? Қалыс? – жоқ. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2- қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" КММ басшысы А.Абсеитовтың есебі назарға алынсын;

2. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" КММ басшысы А.Абсеитовқа:

- Қатты отынмен жылытылатын қазандықтарға қажетті көмір мерзімінде жеткізілуін қадағалау;
- Ауданның 8 мектебінің қазандықтарын табиғи газға ауыстыру үшін қаражат қарастырылуына өз тарапынан ықпал ету;
- Әлеуметтік нысандардың қазандықтарының ағымды жөндеу жұмыстарының дер кезінде аяқталуын қадағалау;
- Өз құзіреті шеңберінде шешуді қажет ететін мәселелердің шешімін табу;
- Осы шешімнің орындалу барысы туралы ақпарат үстіміздегі жылдың 1-ші қазанына берілсін;

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссия комиссиясына жүктелсін (төрайымы А.Алматаева).

Н.Молдабеков: Күн тәртібіндегі екінші мәселесі бойынша «Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссия» хатшысы – Әбілдаев Еркін Әбілдаұлы баяндайды. (Баяндама тіркелінді).

Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? – Жоқ.

Осы мәселе бойынша Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы – Алимхожаев Алмас Нашкеевич сұрақтарға жауап береді.

Ол өз сөзінде, 2023 жылы «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі» ұлттық жобасы аясында жалпы сомасы 1332,7 млн.теңгені құрайтын 45 жоба қолдау алды. Оның ішінде несиенің пайыздық ставкасын субсидиялау бойынша 26 жоба жалпы соммасы 1074,7 млн.теңгеге субсидияланады. Банк кредиттеріне кепілдік беру құралы бойынша жалпы сомасы 258,0 млн.тенгеге 19 жобаға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ тарапынан кепілдік берілді.

2024 жылы «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі» ұлттық жобасы аясында жалпы сомасы 572,4 млн.теңгені құрайтын 29 жоба қолдау алды, оның ішінде несиенің пайыздық ставкасын субсидиялау бойынша 20 жоба жалпы соммасы 472,8 млн.теңгеге субсидияланады.

Банк кредиттеріне кепілдік беру құралы бойынша жалпы сомасы 99,6 млн.тенгеге 9 жобаға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ тарапынан кепілдік берілді.

2025 жылы «Біріңғай кешенді бағдарлама» аясында жалпы сомасы 139,0 млн.теңгені құрайтын 2 жоба қолдау алды. оның ішінде несиенің пайыздық ставкасын субсидиялау бойынша 2 жоба жалпы соммасы 139,0 млн.теңгеге субсидияланады.

Қазіргі таңда, «Даму қоры» АҚ аясында жеңілдетілген несие беру бағдарламасының атауы «Іскер аймақ» атауына өзгертілді. Бағдарламаның жеңілдетілген несиенің пайызы 12,6 пайызды құрап отыр, алдыңғы 3-5 жылда бағдарлама арқылы 6 пайызбен кейін 9 пайызбен кез келген бағытта несиені субсидиялауға болатын. Сол себепті кәсіпкерлер несиені көбірек алатын. 2026 жылдан бастап «Даму қоры» АҚ «Іскер аймақ» бағдарламасы аясында жеңілдетілген несиенің пайызы 12,6 пайызды құрап, тек өңдеу өнеркәсібі саласына беретін болды.

Бөлім тарапынан Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасына «Даму қоры» АҚ арқылы берілетін несиенің субсидиялау бағытын кеңейту мақсатында, 6 қосымша ОКЭД енгізуге ұсыныс берілді. Олар, бөлшек сауда, көлікпен жүк тасымалдау, бастауыш білім беру, жеке медициалық қызмет көрсету, қоймалау және жүк сақтау, қонақ үйлердің қызметі салалары ұсынылды. Осы салалар «Даму қоры» АҚ арқылы берілетін несиенің субсидиялау тізіміне енгеннен кейін аудан кәсіпкерлері қаржылық қолдауды көбірек алады деп күтілуде.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлар бағасын тұрақтандыру, сауда үстемесін асырмау жөніндегі ақпараттық түсндіру жұмыстары жүргізіледі. Бұл жұмысқа мәслихат депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес мүшелері, ардагерлер кеңесі қатысуда. (Материал тіркелінді). Отырыс барысында А.Алимқожаевқа сұрақтар қойылған жоқ.

Н.Молдабеков: Ауданымызға шетелдік инвестиция тарту қажеттігін айтты.

Н.Молдабеков: Сұрақтарыңыз тағы бар ма? – Жоқ. Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар? Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы-? Қалыс? – жоқ. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2-қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөліміне жүргізілген зерделеу нәтижесінде анықталған жұмыстар назарға алынсын.

2. Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөліміне (А.Алимхожаев) аудан экономикасын, кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм салаларын одан әрі дамыту мақсатында келесі жұмыстарды жүргізу ұсынылсын:

- ауданда кәсіпкерлік, өнеркәсіпті және туризмді дамытуда іс-тәжірибе, біліктілік-белсенділікті, іскерлікті шыңдау және жоғары нәтижелерге жету ұсынылсын;
- шағын және орта бизнесті дамытуда инвестициялар тарту жұмыстарын күшейту және инвестициялық жобаларды іске асыруды тұрақты бақылау ұсынылсын;

- инвестициялық мүмкіндіктер бойынша кәсіпкерлер мен тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;
- шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында субсидиялау тетіктерін жетілдіруде өңдеу өнеркәсібі, бөлшек сауда, көліктен жүк тасымалдау, бастауыш білім беру, жеке медициналық қызмет көрсету, қоймалау және жүк сақтау, қонақ үйлердің қызметі іске асырылуын тиісті мемлекеттік органдармен және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-мен бірлесіп пысықтау ұсынылсын;
- әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және сауда үстемесінің белгіленген шектен аспауын қамтамасыз ету бағытындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын;
- ауданның тауар өндірушілерін, кәсіпкерлері мен шаруа қожалықтарын ауыл шаруашылығы жәрмеңкелеріне тұрақты қатыстыру арқылы азық-түлік тауарларының қолжетімділігін қамтамасыз ету, бағаның тұрақтылығын сақтау және азық-түлік тапшылығына жол бермеу шаралары ұсынылсын;
- ауданның туристік әлеуетін тиімді пайдалану, оның экономикалық, мәдени және әлеуметтік маңызын насихаттау, дамыту, әдіс-тәсілдерін жетілдіру және туризмді дамыту бойынша жұмыстар күшейтілсін.

3. Осы шешімнің орындалу барысы туралы ақпарат 2026 жылғы 1-ші желтоқсанға дейін Қоғамдық кеңеске ұсынылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссияға (төрайымы К. Агибаева) жүктелсін.

Н.Молдабеков: Күн тәртібіндегі үшінші мәселесі бойынша – «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссия» төрайымы – Алматаева Айнура Тұрлыбекқызы баяндайды. (Баяндама тіркелінді).

Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? – Жоқ.

Н.Молдабеков: Осы мәселе бойынша Кенен ауылдық округінің әкімі Жылыбаев Арман Қуандықұлы сұрақтарға жауап береді,- деді. Өз сөзінде А.Жылыбаев былай, - деді Кенен ауылындағы зират аумағының металл қоршауларын монтаждауға 13990,3 теңгеге, қоршауларды дайындауға 14689,0 теңгеге келісім шарт жасалды және Кенен, Абай, Қашағанов көшелерін жарықтарындыру жұмыстарына 11339,8 теңге жұмсалды. *Қайырымдылық көмек*: Ауылдық округтің белсенді азаматтары тарапынан отбасылық тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына 850 мың теңгеге әртүрлі қайырымдылық көмек көрсетілді. Сонымен қатар мектеп бітіргендеріне 20 жыл толған түлектер ауылға кіре-берістегі аялдама салып, 30 жыл толған түлектер ауыл атауы жазылған мандайшаны жаңартты.

12 адамнан құрылған ерікті жасақ тобы құрылып, әр шаруа қожалықтарында төтенше жағдайдың алдын алуға жанар-жағар май қоры және дала өрттеріне қарсы 20 дана хлапушка дайындалды. Су тасқынын және өрттің алдын алу, улы газдан сақталу мақсатында тұрғындармен түсіндіру жұмыстары және ескертулер, буклеттер таратылып, көрнекі ақпарат баннер ілініп, тиісті жұмыстар атқарылды. Кенен ауылдық округі бойынша 60 аса мүгедектер бар, мемлекет тарапынан тиісті жәрдемақылармен қамтылды. Ал,мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы орта ішінара құрылған:Ғимарат екі қабаттан тұрады. Ғимаратқа кіре-берісте кресло-қорапқа таңылған мүгедектер үшін төбесі

жабылған, тайғақ емес жабынмен жабылған, екі жағында стандартқа сәйкес келетін тұтқалары бар пандус орнатылды. Мүгедектердің автокөлігіне арналған автотұрақ бар. Көзі нашар көретін немесе көмейтін зағип жандарға арналған тактильді жол орнатылған, ғимараттың бірінші қабатында мүгедектерді қабылдау орны қарастырылған. Зерделеу барысында айтылған кемшіліктер бар, олар браиль қарпімен жазылған мекеме атауы, қабырғаларда арнайы тұтқалар орнатылмады. Сонымен қатар, ғимарат ішінде санторап жоқ. Құлағы нашар еститін немесе естімейтін мүгедектер үшін дыбыстық қондырғы орнатылмады. Аталған кемшіліктер түзету бойынша жұмыстар атқарылатын болады. Зерделеу барысында көрсетілген тағы да басқа кемшіліктер түзетілетін болады.

Б.Жаманкозев: өзекті мәселенің бірі ауыз су мәселесі бойынша қандай жұмыстар атқрылып жатыр.

А.Жылыбаев: Бұл сұрақ бойынша ЖСҚ әзірленді, аудандық экономика бөліміне бюжеттік өтінім ұсынылған, бірақ аудан бюджетінің тапшылығына байланысты әзірге қаражат бөлінген жоқ.

Р.Имашева: Бюжеттің кіріс бөлігі бойынша қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

А.Жылыбаев: Бұл мәселе бойынша материалдар сотқа жіберілді.

Р.Имашева: Мүлік салығын орындауда резервтер көп.

Р.Имашева: Берешек сома бойынша көптеген жұмыстар атқаруға болады және адм.штрафтар бойынша жұмыс жасауға болады емес пе?

А.Жылыбаев: Адм.штрафтар салынып жатыр.

Р.Имашева: Олай болса кіріс бөлігінде неге пайыз төмен. Кіріс бойынша ауқымды жұмыс атқару қажет.

А.Жылыбаев: Қабылданды.

Н.Молдабеков: Сұрақтарыңыз тағы бар ма? – Жоқ. Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар? Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы-? Қалыс? – жоқ. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2- қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл облысы Қордай ауданы Кенен ауылдық округінің әкімі А.Жылыбаевтың анықтамасы назарға алынсын;
2. Жамбыл облысы Қордай ауданы Кенен ауылдық округінің әкімі А.Жылыбаевқа:

- Қызметкерлердің жеке іс құжаттарын Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 32 бабына сәйкестендірілсін;
- Материалды жауапты мамандар мен ауылдық округ әкімі арасында материалдық жауаптылық туралы келісім-шарт құрылуын қадағаласын;
- Кенен ауылдық округінде шешуді қажет ететін мәселелер өз шешімін тапсын;
- Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауда ауыл бюджетінің кіріс бөлігінің жоспары міндетті түрде орындалуы бақылауға алынып, түсімдері бойынша жұмыстар жүргізілсін;
- Кенен ауылдық округіндегі елді мекенді ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу ұсынылсын;
- Елді мекендерін абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын;

- Халық тұтынатын азық-түлік тауарларының бағасының шекті мөлшерден асып кетпеуін бақылау, тиісті мүдделі мекемелермен іс-шара жұмыстарын жүргізу тапсырылсын;
- Мүгедектерге қолайлы орта құрылып, ғимараттың бейімделуіне ықпал етілсін;
- Осы шешімнің орындалу барысы туралы ақпарат үстіміздегі жылдың 1-ші қазанына берілсін;

3.Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссия комиссиясына жүктелсін (төрайымы А.Алматаева).

Егер алып қосарларыңыз жоқ болса, күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралды. Шешім жобасы талқыланды. Сіздерге көп рахмет.

Әр түрлі мәселелер бойынша қыркүйек айында зерделеу жұмыстары:

1. Жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелерін бөлу және игеру, сондай-ақ олардың инфраструктурасының жағдайы туралы *(Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі)* – «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссиясы» - Алматаева Айнура Тұрлыбекқызына тапсырылады.
2. Қордай ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің (әскери комиссариат) атқарған жұмыстарын зерделеу туралы *(Военкомат)* – «Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясы» - Жамангозов Бейқұт Тілебалдыұлына тапсырылады.

Н.Молдабеков: Осымен Қоғамдық кеңестің кезекті отырысын жабық деп жариялаймын.

Қоғамдық кеңес төрағасы **Н.Молдабеков**

Қоғамдық кеңес хатшысы **Р.Имашева**